

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

tourism will grow in proportion to the development of civilization and the introduction of technology in the world.

#### **List of sources used**

- 1 <https://ru.maptons.com/1429120>
- 2 <https://e-history.kz/ru/seo-materials/show/28860>
- 3 <http://www.stat.kg/ru/statistics/turizm/>
- 4 Iain Christie, Eneida Fernandes. - Tourism in Africa: Harnessing Tourism for Growth and Improved Livelihoods. 2019 year, 12 papers.
- 5 <https://www.globaldata.com/store/report/south-america-tourism-destination-market-analysis/>

УДК 338.48

### **ЕЛДІҢ ЖӘНЕ АЙМАҚТАРДЫҢ ІСКЕРЛІК ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДА КЛАСТЕРЛІК ТӘСІЛ НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ**

**Трушева Ш. А.**

[trusheva750@gmail.com](mailto:trusheva750@gmail.com)

PhD докторант, экономика факультеті, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - э.ғ.д., профессор Б.Ұ. Сыздықбаева

Біздің бұл тақырыпқа деген қызығушылығымыз, бір жағынан, Іскерлік туризм туризмнің ең тиімді және әртараптандырылған түрлерінің бірі болып табылатындығына негізделген. Екінші жағынан, көбінесе іскерлік туризм ұлттық экономиканың басқа секторлары үшін ынталандырушы рөл атқарады.

Market Research Company – көрмелік ғылыми-зерттеу орталығымен құрастырылған іскерлік туризм бойынша өңірлердің потенциал рейтингін бағалау әдісі негізге алынып Қазақстан өңірлерінің рейтингі SPSS бағдарламасының көмегімен жасалды (Statistical Package for the Social Sciences). Статистикалық талдау SPSS 26 (IBM inc.) бағдарламасында орындалды). Сандық айнымалылардың қалыпты үлестіру Заңына сәйкестігі Шапиро-Вилк W-тестімен, асып кетуді талдаумен және асимметриямен бағаланды. Сандық айнымалылар медиан (Me – median) және кватиль (Q1 – Q3) түрінде ұсынылған. Бақылауларды топтарға бөлу үшін Вард әдісі бойынша иерархиялық кластерлеу қолданылды. Айырмашылықтар  $p < 0,05$  кезінде статистикалық маңызды деп танылды. Рейтинге көп факторлы талдау әдістемесі қолданылды. Әдістеме, дестинация потенциалын бағалайтын маңызды факторларды сипаттайтын әр түрлі көрсеткіштерді саралауға негізделеді. Талданатын көрсеткіштер бес топқа біріктірілген.

Бес топ көрсеткіштерінің салмақ коэффициенттерінің қосынды сомасының қосындысы арқылы интегралды рейтинг есептеледі. Салмақ коэффициенті эксперттік бағалау әдісімен тағайындалады, және оның мәндері кему ретімен орналастырылады.

Талдау Қазақстанның 14 аймақтары және республикалық маңызды 3 қаласы негізінде орындалды: Ақмола облысы, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан облысы, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары.

1-кесте – Әр топ үшін бағаланатын факторлардың салмақ коэффициенті

	Көрсеткіш	Жалпы рейтингтегі үлесі
1	Инфрақұрылым, материалды-техникалық база деңгейі	0,4
2	Іс шараларды өткізу үшін дестинация ретінде өңірді ілгерлету бағдарламасы	0,2
3	Іскерлік туризм индустрия саласында өңір-дестинация саясаты және мамандандырылған үйлестіруші органдардың қызметі	0,2
4	Ауқымды оқиғаларды (событий) өткізу тәжірибесі	0,1
5	Туристік-рекреациялық потенциалы	0,1

$$\text{Критерий бойынша жалпы балл} = \frac{\text{Критерия үлесі}}{N * (N - \text{Дәреже} + 1)}$$

Әрбір көрсеткіш критерийлер жиынтығынан тұрады. Критерий шеңберіндегі мәндер кему бойынша сараланды. Осыдан кейін әр аймаққа 1 (ең үлкен) - ден 17-ге дейін (ең кіші) дәреже берілді. Әр критерий бойынша жалпы балл келесі формула бойынша есептелді:

Аймақ	Көрсеткіш №1	Көрсеткіш №2	Көрсеткіш №3	Көрсеткіш №4	Көрсеткіш №5
Ақмола облысы	0,01927	0,00454	0,00908	0,00588	0,03137
Ақтөбе	0,01486	0,00401	0,00908	0,00588	0,05882
Алматы	0,00142	0,00364	0,00523	0,00037	0,05882
Алматы қаласы	0,01482	0,00384	0,00798	0,00588	0,03137
Атырау	0,01915	0,00425	0,00908	0,00588	0,05882
Батыс Қазақстан	0,02196	0,00523	0,00908	0,00588	0,05882
Жамбыл	0,01927	0,00467	0,00908	0,00588	0,05882
Қарағанды	0,00560	0,00366	0,00524	0,00588	0,05882
Маңғыстау	0,02196	0,00572	0,00908	0,00588	0,03137
Қызылорда	0,01968	0,00437	0,00908	0,00588	0,05882
Қостанай	0,01535	0,00379	0,00908	0,00588	0,05882
Астана қаласы	0,01494	0,00370	0,00415	0,00588	0,03137
Павлодар	0,01968	0,00414	0,00908	0,00370	0,05882
Солтүстік Қазақстан	0,01968	0,00719	0,00908	0,00370	0,05882
Түркістан	0,00144	0,00361	0,00412	0,00035	0,05882
Шығыс Қазақстан	0,01968	0,00385	0,00908	0,00370	0,05882
Шымкент қаласы	0,01535	0,00371	0,00908	0,00588	0,03137

Осылайша, аймақтың дәрежесі неғұрлым жоғары болса, критерий бойынша жалпы балл соғұрлым төмен болады. Критерийлер жиынтығы бойынша жалпы баллдар сомасынан көрсеткіштің жалпы балы қалыптасты (2-кесте). Тиісінше, көрсеткіш бойынша өңірдің даму деңгейі неғұрлым жоғары болса, көрсеткіштің жалпы балы соғұрлым төмен болады.

2-кесте – Критерия бойынша жалпы балл нәтижесі

Барлық 5 көрсеткіштің жалпы баллдарының ішінен рейтингтің интегралдық мәні қалыптасты. Одан әрі өңірлер рейтингтің интегралдық мәнінің кемуі бойынша сараланды. Ең үлкен мәні бар аймаққа 17 дәрежесі (ең кіші), ал ең кіші мәні бар аймаққа 1 дәрежесі (ең үлкен) берілді. Нәтижелер 3-кестеде келтірілген.

3-кесте – Әр аймақ бойынша рейтингтің интегралдық мәні

Аймақ	Рейтингтің интегралдық мәні	Дәреже
Ақмола облысы	0,07015	6
Ақтөбе	0,09266	9
Алматы	0,06948	5
Алматы қаласы	0,06390	2
Атырау	0,09719	13
Батыс Қазақстан	0,10098	17
Жамбыл	0,09773	14
Қарағанды	0,07920	8
Маңғыстау	0,07402	7
Қызылорда	0,09784	15
Қостанай	0,09293	10
Астана қаласы	0,06004	1
Павлодар	0,09543	12
Солтүстік Қазақстан	0,09847	16
Түркістан	0,06834	4
Шығыс Қазақстан	0,09514	11
Шымкент қаласы	0,06540	3

Осылайша, ең жоғары 1-дәреже Астана қаласына, 2-дәреже Алматы қаласына, 3-дәреже Шымкент қаласына берілді.

Регрессия моделіндегі тәуелді айнымалы ретінде біз аймақтағы MICE туризміне келушілер санын қарастырамыз. Талдау жүргізуге SPSS бағдарламасының көмегіне жүгіндік. Талдау барысында жоғарыда көрсетілген критерийлерді ескере отырып, Қазақстанның 17 облысы талданды. Талдау үшін Орта байланыс әдісі қолданылды (топтар арасында).

Кластерлерді агломерациялау тәртібі төмендегі кестеде келтірілген.

4-кесте –Кластерлердің реті

Кезең	Біріктірілген кластер		Коэффициенттер	Кластер пайда болуының кезеңі		Келесі кезең
	Кластер 1	Кластер 2		Кластер 1	Кластер 2	
1	6	8	35286414116,750	0	0	4
2	2	11	63980873981,900	0	0	5

3	9	12	69805906844,060	0	0	4
4	6	9	215650184356,220	1	3	5
5	2	6	602363483452,260	2	4	9
6	5	13	806717438831,860	0	0	9
7	7	17	918502405862,460	0	0	8
8	7	14	1490828194384,530	7	0	11
9	2	5	2353365681587,300	5	6	12
10	1	3	2879137471545,728	0	0	14
11	7	10	4451780812973,726	8	0	13
12	2	4	5139424972171,188	9	0	13
13	2	7	15634869167447,840	12	11	14
14	1	2	44718535446296,234	10	13	16
15	15	16	52812744018921,086	0	0	16
16	1	15	327854935621932,80 0	14	15	0

Берілген кластерлеу параметрлері бойынша көрсетілген өңірлердің үш кластерге бөлінуі анықталды. Яғни, кластерлеу нәтижелері бойынша МІСЕ туризмді дамытудың төмен параметрлерімен сипатталатын 1 кластерге 15 өңір, Қазақстанда МІСЕ туризмді дамыту үшін ең қолайлы өңірлер, 2 - кластерге Астана қаласы кіретінін, 3- кластерге Алматы қаласы сәйкес екендігін атап өткен жөн.

Әрбір өңір бойынша Қазақстанда МІСЕ туризм саласындағы саясатты іске асыруды бағалаудың мынадай көрсеткіштері бағаланды:

- туристік ресурстардың даму деңгейі (орналастыру орындарының саны);
- туристік өнімдер мен қызметтердің сапасы мен қол жетімділігі (орналастыру орындарының біржолғы сыйымдылығы (төсек-орын));
- қолайлы туристік климат; қонақүйлердің толымдылығы, %
- орналастыру орындарындағы нөмірлер саны;
- ішкі туризм бойынша орналастыру орындарымен келушілерге қызмет көрсетілді (резиденттер);
- келушілер туризмі бойынша орналастыру орындарымен келушілерге қызмет көрсетілді (резидент еместер);
- орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілер саны;
- орналастыру орындарында көрсетілген қызметтер көлемі, мың теңге;
- орналастыру орындарымен төсек-тәулік берілген
- аймақта ірі халықаралық іс - шараларды өткізу тәжірибесі;
- аймақтың оқиғалар индустриясы саласындағы саясаты және мамандандырылған үйлестіру органдарының қызметі.

Зерттеу нәтижелері Қазақстанның іскерлік туризм саласының дамуына кедергі келтіретін бірқатар проблемалары бар екенін айғақтады, атап айтқанда: өңірлер арасында іскерлік туризм дамуы бірқалыпты емесі; өңірлерде халықаралық әуежайлардың жеткіліксіз саны; қонақүйлердегі бизнес-санат нөмірлерінің жеткіліксіз саны; өңірлердегі конгресс-орталықтардың жеткіліксіз саны; халықаралық клиенттерге қызмет көрсету сапасының әлемдік стандарттарға сәйкес келмеуі; экономикалық жүйенің тұрақсыздығына және әскери іс-қимылдарға байланысты мемлекет пен инвесторлар тарапынан қаржыландырудың жеткіліксіздігі; білікті персоналдың жетіспеушілігі; туристік сала қызметкерлерін оқытудың ескірген әдістері және халықаралық тағылымдамадан өту және шеберлік сыныптарын өткізу үшін шетелдік мамандарды тарту үшін қолайлы жағдайлардың болмауы.

Астана, Алматы қалаларында іскерлік туризмді дамыту үшін неғұрлым тартымды және тиімді инвестициялық жобаларды дамытуды жоспарлау және ұйымдастыру, іскерлік туризм және инфрақұрылыммен сабақтас салалар мәселелерін ұлғайту қажет. Бұл іс-шараларды жүзеге асыру үлкен инвестицияларды қажет етеді, іс-шараларды дайындау және қамтамасыз ету кезінде (инфрақұрылым, жылжыту) қаржыландыруда бюджет қаражатының үлкен рөлі болуы керек. Биліктің міндеті-туристер үшін қолайлы жағдай жасау. Бюджеттен тыс қаржыландыру көздерінен алынатын салым басым болуға тиіс.

Сонымен қатар, белсенді ақпараттық саясат жүргізу және тиімді жобалар тізімін және елдің инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпаратты әлеуетті инвесторларға жеткізу; туристік кешеннің пайдаланылмайтын объектілерінің (санаторийлер, пансионаттар, пионерлік лагерьлер, демалыс базалары) дерекқорын жасау; бюджеттік туризм есебінен іскерлік туризм инфрақұрылымының құрылысын қаржыландыру мүмкіндігін қарау және жағдай жасау қажет қаражат; Мәдени мұра объектілерін сақтауға кешенді көзқарасты қамтамасыз ету, Ұлттық экономика мен мәдени дәстүрлерді дамыту, мемлекеттік аумақтарды орнықты дамыту міндеттерін шешу, мемлекеттік ортаның сәулеттік пайда болуын жетілдіру, іскерлік туризмді дамыту мақсатында мекемелердің туристік бизнес және мәдениет ұйымдарымен әріптестігін нығайту жөніндегі шаралар; инвестициялық жобаларға тұрақты мониторинг пен бағалауды жүзеге асыру.

### **Қолданылған декеккөздер тізімі**

1. Chebli, A., and F. Ben Said. 2020. The impact of COVID-19 on tourist consumption behavior: A perspective article. *Journal of Tourism Management Research* 2: 196–207.
2. Cheer, J.M. 2020. Human flourishing, tourism transformation and COVID-19: A conceptual touchstone. *Tourism Geographies* 22(3): 514–524.
3. Dracheva, E.A., Yu.V. Zabaev, and D.K. Ismaev. 2010. *Ekonomika i organizatsiya turizma: mezhdunarodnyy turizm [Organization of tourism: International tourism]*. 4th edition, revised and extended. Moscow: KNORUS, 388 p.
4. Dwyer, L., and P. Forsyth. 1997. Impacts and benefits of MICE tourism: A framework for analysis. *Tourism Economics* 3(1): 21–38.

ӘОЖ: 33.338.1

### **ҚОНАҚ ҮЙ БИЗНЕСІНДЕГІ КІРІСТЕРДІ БАСҚАРУ**

**Хасеин Аружан Жанатқызы**

*aruzhanhasein@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.С. Акишева, э.ғ.к., доцент м.а.

Қонақ үй қызметтері нарығы күн сайын өсіп, қарқынды дамып келеді. Сонымен қатар, бәсекелестік пен тұтынушылар үшін күрес артып келеді. Қонақ үйлер сатылымды ұлғайту және шығындарды азайту үшін көбірек пайдалы жолдарды қарастыруда. Бұл тапсырманы іске асырудың тамаша тәсілі - қонақ үй кәсіпорнының кірісін басқару.

Кірістерді басқару-бұл тұтынушылардың мінез-құлқын шағын нарық деңгейінде болжайтын және кірістің максималды өсуі үшін өнімнің қол жетімділігі мен бағасын